

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
«ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РММ



**«ҮКІЛІ ҮМІТ» ІІІ ЖАС СУРЕТШІЛЕР
БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ**

(«Кескіндеме», «Графика», «Мүсін», «Дизайн», «Сән және киім дизайны», «Сәндік өнер» ББ үшін)

2024 жылғы 5-6 наурыз, Алматы қ., Қазақстан

1. Жалпы ережелер

1.1. Жас суретшілер байқауын әлеуетті талапкерлерді қабылдау мақсатында Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы ұйымдастырған, бұдан әрі Т.Қ.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА деп аталады.

Байқау жеңімпаздары Темірбек Жүргенов ҚазҰӨА-ына шығармашылық емтихан тапсырусыз түседі, бірақ кешенді тест емтихандарын тапсырады.

1.2. Конкурстың мақсаттары:

- Барлық қатысушыларды әлеуетті талапкерлер тізіміне қосу;
- Жас суретшілер мен дизайнерлердің шығармашылық әлеуетін қолдау және дамыту;
- Қазақстанның бейнелеу өнерін насихаттау, шығармашылық бағыттарды дамыту, бейнелеу өнері саласында тәжірибе және білім алмасу;
- Таланттарды анықтау

1.3. Онлайн конкурс өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады (бұдан әрі Ұйымдастыру комитеті), оның құрамын Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры бекітеді. Құрамы «Кескіндеме, мүсін және дизайн» факультетінің ПОҚ мүшелерінен тұрады.

1.4. Ұйымдастыру комитеті қазылар алқасының құрамын, қазылар алқасының төрағасы мен конкурстың хатшысын бекітеді.

2. Конкурсты өткізу шарттары

2.1. Конкурса Қазақстан Республикасының түкпір-түкпірінен әлеуетті талапкерлер қатыса алады.

2.2. Алматы облысының қатысушылары үшін Конкурс дәстүрлі офлайн форматта, алыс өңірлердің көркемөнер мекемелерінің қатысушылары үшін ZOOM қосымшасы арқылы онлайн форматта өтеді.

2.3. Конкурса қатысуға өтінім бланкісін Ұйымдастыру комитеті өңдейді.

2.4. Барлық қатысушылар өтінімдерді толығымен және дұрыс толтыруы керек. Конкурса ұсынылған графикалық, кескіндеме және мүсіндік жұмыстарды конкурсты өткізу процесі кезінде өзгертуге болмайды.

2.5. Конкурса қатысуға ниет білдірген адам қол қойған өтінім, ізденушінің конкурсты өткізу тәртібі мен шарттарын толық қабылдайтындығының куәлігі болып табылады.

2.6. Конкурсты өткізу:

- Конкурса қатысушылар кемінде бес және оннан аспайтын оқу және шығармашылық жұмыстарды (сурет, кескіндеме, мүсін, композиция, графикалық композиция, сәндік композиция), атауы, өлшемі, орындалған материалы және жылын көрсете отырып, кафедраның korkemsyret@bk.ru электрондық поштасына жіберуі тиіс.

- Конкурста «Станокті кескіндеме», «Монументалды кескіндеме», «Кітап графикасы» бағыттары бойынша үміткерлер адам бейнеленген көркем қойылымды орындайды, көркем материалдар үміткерлердің таңдауы бойынша (акварель, май, акрил).

- «Мүсін» бағыты бойынша үміткерлер берілген тақырып бойынша мүсіндік композицияны орындайды. Материал: саз, пластилин.

- «Графикалық дизайн» бағыты бойынша үміткерлер шрифттерден құралған композицияны орындайды, көркем материалдар үміткерлердің таңдауы бойынша (акварель, түрлі-түсті қарындаш, маркер, пастель, гель қаламсап және т.б.).

- «Архитектуралық дизайн» бағыты бойынша үміткерлер геометриялық фигуралардан тұратын көлемдік-кеңістік композицияны орындайды, көркем материалдар үміткерлердің таңдауы бойынша (акварель, түрлі-түсті қарындаш, маркер, пастель, гель қаламсап және т.б.).

- «Ландшафт дизайны» бағыты бойынша үміткерлер ортогональді және изометриялық сызбалары бар самалжайдың (беседканың) композициясын орындайды, көркем материалдар үміткерлердің таңдауы бойынша (акварель, графит қарындашы, түрлі-түсті қарындаш, маркер, пастель, гель қаламсап және т.б.).

- «Көркем тоқыма», «Зергерлік өнер», «Ағашты көркемдеп өңдеу» бағыты бойынша үміткерлер өсімдік орнаменті пішініндегі сәндік композиция орындайды, көркем материалдар үміткерлердің таңдауы бойынша (акварель, графит қарындашы, түрлі-түсті қарындаш, маркер, пастель, гель қаламсап және т.б.).

- «Фэшн дизайн» және «Театр және кино костюмінің дизайны» бағыты бойынша үміткерлер берілген тақырып бойынша композиция орындайды,

көркем материалдар үміткерлердің таңдауы бойынша (акварель, гуашь, қарындаш, маркер және т.б.).

2.7. Байқау 5 наурыз күні сағат 10:00-ден 17:00-ге дейін Панфилов к-сі, 127 мекен-жайындағы Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның бас корпусында өтеді. Алыс аймақтар үшін онлайн режимде, көркемөнер мекемелерінің шеберханаларында өтеді.

У 10:00-ден 10:30-ға дейін конкурсқа қатысуға өтінім берген қатысушыларды тіркеу, ҚР алыс өңірлерінің көркемөнер мекемелерінен өтініш берген қатысушыларды тіркеу ZOOM қосымшасында өтеді.

У 10:30-дан 11:00-ге дейін кіріспе және конкурстың тақырыптық тапсырмаларын жариялау.

У Сағат 11:00-ден 17:00-ге дейін қатысушылар 6 сағат ішінде тапсырманы орындайды.

У Сағат 17:00-ге дейін жұмысты тапсыру. Алыс өңірлердің қатысушылары растайтын файлдармен орындалған жұмыстың фотосуретін ұсыну қажет.

1) орындалған жұмыстың фотосуреті (егер мүсін болса, онда үш ракурста түсірілген)

Конкурстық жұмысты орындауға 6 сағат уақыт беріледі.

2.8. Конкурсқа қатысуға қажетті көркемдік материалдар конкурсқа қатысушылар тарапынан қамтамасыз етіледі. Ұйымдастыру комитеті конкурсқа қатысушыларды бояу, кенеп, қылқалам және т.б. қамтамасыз етпейді.

2.9. Ұйымдастыру комитеті конкурсқа қатысушыларды сақтандырудың қандай да бір түрімен қамтамасыз етпейді.

3. Конкурс өткізу тәртібі

3.1. Конкурстық жұмыстарды көрсету тәртібін конкурстың Ұйымдастыру комитеті белгілейді.

3.2. Конкурстық емтихан бір турдан тұрады. Барлық көрсетілім көпшілік алдында өткізіледі.

3.3. Әрбір конкурстық жұмысты қазылар алқасы 10 балдық жүйе бойынша жеке бағалайды және тиісті бюллетеньге енгізеді.

3.4. Қазылар алқасы конкурстық жұмыстарды келесі талаптар бойынша бағалайды:

«Станокті кескіндеме», «Монументалды кескіндеме», «Кітап графикасы»

1) Берілген тақырып бойынша сауатты композициялық шешім

2) Берілген тақырыпты ашу

3) Орындау техникасы

4) Бояу түсі мен тонның сауатты шешімі;

5) Таңдалған реңк пен түс талдауының жалпыдан жекеге берілуі;

6) Кескіннің толыққанды сипаттамасымен жұмысты аяқтау.

«Мүсін»

- 1) Композициядағы фигураның сауатты пропорционалды шешімі
- 2) Адам фигурасы (моделі) бойынша сауатты анатомиялық талдау
- 3) Модельдің даралығын толық ашу.

«Дизайн» (профиль бойынша)

- 1) Форматқа орналастыру;
- 2) Сауатты композициялық шешімі;
- 3) Эскиздің идеялығы мен креативтілігі;
- 4) Орындау техникасы және сауатты түсті, тоналды шешімі;
- 5) Жұмыстың аяқталуы.

«Сәндік өнер»

- 1) Берілген тақырып бойынша сауатты композициялық шешімі;
- 2) Берілген тақырыпты ашу;
- 3) Орындау техникасы;
- 4) Түс пен реңнің сауатты шешімі;
- 5) Тандалған рең мен түсті жалпыдан жекеге үйлестіру;
- 6) Кескіннің егжей-тегжейлі сипаттамасымен жұмысты аяқтау.

«Сән және киім дизайны» екі траекториясы бойынша

- «Фэшн дизайн»

- «Театр және кино костюмінің дизайны»:

- 1) Көркемдік мәнерлілік және эскиз жасауға шығармашылық көзқарас;
- 2) Композицияны сауатты құрастыру, жұмыстарды ресімдеу;
- 3) Тапсырманың тақырыпқа сәйкестігі;
- 4) Заманауи өнер мен дизайндағы әлемдік тенденцияға сәйкестігі.

Берілген тақырып бойынша студенттің шығармашылық тұжырымдамасының тереңдігі және шағын мәтіндік дизайндағы презентациясы.

3.5. Қазылар алқасының шешімі алынған ұпайларды есептеу арқылы анықталады. Конкурс нәтижелері тиісті хаттамамен ресімделеді.

3.6. Конкурс қорытындысының нәтижелері қатысушыларға үш күн ішінде жарияланады.

4. Қазылар алқасының жұмыс тәртібі және конкурс жеңімпаздарын марапаттау

4.1. Конкурсқа қатысушылардың жұмыстарының нәтижесін Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-сы, «Кескіндеме, мүсін және дизайн» факультетінің «Көркемсурет», «Сәндік өнер», «Дизайн», «Сән және костюм дизайны» кафедраларының профессорлық-оқытушылық құрамынан тұратын кәсіби қазылар алқасы бағалайды.

4.2. Қазылар алқасының мүшелері мен жауапты хатшы конкурс бағдарламасына кіретін барлық шығармашылық емтихандарға және барлық отырыстарға қатысады.

4.3. Шығармашылық емтиханнан кейін қазылар алқасы бюллетеньдерге тиісті ұпайларды енгізеді және дауыстарды санау үшін хатшыға береді.

4.4. Қазылар алқасы келесі номинациялар бойынша марапаттар береді:

«Станокті кескіндеме», «Монументалды кескіндеме», «Кітап графикасы», «Мүсін», «Көркем тоқыма», «Зергерлік өнер», «Ағашты көркемдеп өңдеу», «Графикалық дизайн», «Архитектуралық дизайн», «Ландшафт дизайны», «Фэшн дизайн», «Театр және кино костюмінің дизайны» мамандықтары бойынша бірінші орын алған конкурсқа қатысушылар Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ына түсу үшін тапсырылатын шығармашылық емтихан бойынша ең жоғары балл алады, бірақ кешенді тест емтихандарын тапсырады. Байқауда II және III орын алған үміткерлер Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ына түсу үшін академияның «Кескіндеме, мүсін және дизайн» факультетінен ұсыныстар мен рұқсаттар алады.

Конкурстың қалған қатысушылары мамандықтар бойынша сертификаттар алады.

4.5. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті болып табылады және қайта карауға жатпайды.

Өтінімдер мен материалдар Ұйымдастыру комитетіне 2024 жылғы 3 наурызға дейін (қоса алғанда) ұсынылады. Осы мерзімнен кейін келіп түскен өтінімдер себептеріне қарамастан қаралмайды және конкурсқа қатыспайды.

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: 050000; Алматы қ., Панфилов к-сі, 127, Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА, «Кескіндеме, мүсін және дизайн» факультеті.

Қосымша ақпарат алу үшін:

Телефон: +7 701 313 89 08

E-mail: korkemsyret@bk.ru



Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы
«Кескіндеме, мүсін және дизайн»
факультеті



**«ÜKİLİ ÜMIT» III ЖАС СУРЕТШІЛЕР БАЙҚАУЫНА ҚАТЫСУҒА
ӨТІНІМ**

1	Аты-жөні (толық)	
2	Туған күні, туған жері	
3	Конкурса қатысушының оқитын оқу орнының атауы (бітіруші топ)	
6	Телефоны	
7	E-mail	
9	Қандай мамандыққа түсуді жоспарлап отырсыз?	(Таңдалған мамандықты қалдырыңыз) 1. Станокты кескіндеме 2. Монументалды кескіндеме 3. Мүсін 4. Кітап графикасы 5. Дизайн – Графикалық дизайн 6. Дизайн – Архитектуралық дизайн 7. Дизайн – Ландшафт дизайны 8. Сәндік өнер – Көркем тоқыма 9. Сәндік өнер – Зергерлік өнер 10. Сәндік өнер – Ағашты көркемдеп өңдеу 11. Фэшн дизайн 12. Театр және кино костюмінің дизайны

Күні

Аты-жөні

Өтінімді 5-10 шығармашылық жұмыспен бірге korkemsyret@bk.ru поштасына жіберу керек.



Кескіндеме





Сурет